



## Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 жылғы 13 қараша N 0456. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1996.06.07. N 270 өкімімен.

Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
1995 жылғы 13 қарашадағы  
N 456 өкімімен белгіленген

Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның  
орынбасарлары арасында міндеттерді  
Бөлу

Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының  
Басшысы Е.Ә.Өтембаев

Аппараттың және оған бағынысты ұйымдардың қызметіне жалпы басшылық.

Республикада экономикалық және әлеуметтік дамуға талдау жасау мәселелері , экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысына бақылау ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның Төралқасының мәжілістерін өткізу, Үкімет қаулыларының және Премьер-министр өкімдерінің жобаларын әзірлеу мәселелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Парламентпен, Президент Әкімшілігімен

және аумақтар әкімімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылданған қаулыларының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Парламенті актілерінің Үкіметтің құзыретіне жататын бөлігінің орындалуын ұйымдастыру.

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Үкімет тағайындайтын министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа да орталық органдар басшыларын өздерінің лауазымдық міндеттерін ойдағыдай орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар әзірлеу.

Мемлекет иелігін алу, жекешелендіру, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері.

Бюджетті, кредит саясатын, ақша айналысын, еңбекті және халықты жұмыспен қамтуды, шетел инвестицияларын қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің Экономикалық реформалар орталығы, Баспасөз қызметі жұмысының мәселелері.

Ә.М.Қажыгелдин мен Н.Қ.Есенғариннің Кеңесшілері топтарының  
Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімінің  
Экономикалық саясат бөлімінің  
Кадр жұмысы бөлімінің  
Үкімет Кеңесінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты  
Басшысының бірінші орынбасары  
Б.Т.Биманбетов

Материалдық өндіріс және өндірістік емес салаларды, оның ішінде аграрлық өнеркәсіп кешенін мемлекеттік басқару ісін үйлестіру мәселелері. Ғылыми-техникалық прогресс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері.

Өнеркәсіп саясаты бөлімінің  
Сыртқы байланыстар бөлімінің  
Агроөнеркәсіп секторындағы реформалар бөлімінің  
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің  
Қаржы-шаруашылық бөлімінің  
Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін

зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссия хатшылығының  
Үкімет Аппаратының Өндірістік-пайдалану бөлімінің жұмысын  
үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты  
Басшысының орынбасары  
С.И. Шуткин

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамашылығы құқығын  
іске асыру мәселелері, Үкімет қабылдайтын нормативтік актілердің Қазақстан  
Республикасының Конституциясымен және заңдарымен үйлесуін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін министрліктердің,  
мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы  
органдардың орындауын бақылау жұмысын үйлестіру.

Н.А.Шайкеновтың кеңесшілері тобының  
Қорғаныс және тәртіп бөлімінің  
Заң бөлімінің  
Үкіметтің Қазақстан Республикасының Парламентіндегі  
өкілдігінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының  
орынбасары - Аумақтың даму бөлімінің меңгерушісі  
Қ.Е.Көшербаев

Аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелері. Үкіметтің  
аймақтардағы шешімдерінің орындалуын бақылау, жергілікті атқарушы  
органдардың кадр мәселелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты бөлімдерінің аймақтық  
проблемаларын шешу, республикалық шаралар өткізу кезіндегі жұмысын  
үйлестіру.

